

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша «Компания») Қазақстан Республикасында құрылған және көмірсутегі шикізатын сатып алумен, барлаумен, игерумен, өндірумен, өңдеумен және оның экспортымен шұғылданады. Компания негізгі операциялық мұнайгаздық қызметін Батыс Қазақстанның Каспий өңірі және Маңғыстау бассейндерінде орналасқан мұнайгаз активтерінде жүзеге асырады. Компанияның негізгі тікелей акционері Қазақстанның мұнайгаз өнеркәсібіндегі мемлекеттік мүддені білдіретін және 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша айналымда жүрген Компанияның 63,22% акциясына иелік ететін (2011 жылы: 61,3%) «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚМГ ҰК» немесе «Бас компания») болып табылады. Бас компания өз кезегінде толықтай Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі мәтін бойынша «Үкімет») тиесілі «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-ға толықтай тиесілі.

Компания өзінің негізгі қызметін 100% еншілес ұйымдары «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ арқылы жүзеге асырады. Оның үстіне, Компания еншілес ұйымдарға иелік етеді, бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындарда, ассоциацияланған компанияларда және көбінекей негізгі қызметін жүзеге асырумен байланысты емес, Компанияның бақылаудағы және бақылаудағы емес қатысу үлестері бар басқа да кәсіпорындарда үлестері бар. Осы топтастырылған қаржылық есеп барлық жоғарыда аталған инвестициялардың қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметі операцияларының нәтижелерін көрсетеді.

- ҚЕХС 7 Ашу: Мойындауды тоқтату туралы ақпараттарды ашуға қатысты талаптарды жетілдіру - Түзету;
  - БЕХС 12 Кейінге қалдырылған салықтар: Кейінге қалдырылған салықтардың негізінде жатқын активтерді өтеу - Түзету;
  - ҚЕХС 1 ҚЕХС-ты алғаш рет қолданып отырған компаниялар үшін айтарлық гиперинфляция және белгіленген даталарды жою - Түзету;
  - БЕХС 1 Басқа да жиынтық кірістің компоненттерін таныстыру – Түзету (ертерек қолдану);
- ӨЕХС жетілдіру (2012 жылдың мамыры) (ертерек қолдану)

## ШЫҒАРЫЛҒАН, БІРАҚ ӘЛІ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН СТАНДАРТТАР

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның топтастырылған қаржылық есебін шығару датасына әлі күшіне енбеген және Компанияның пікірі бойынша қолданудан кейін қызметін ашуға, қаржылық жағдайына немесе нәтижелеріне ықпал ететін стандарттар мен пайымдаулар беріліп отыр.

- БЕХС 28 Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (2011 жыл). Қазіргі уақытта Компания бұл стандарттың қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне әсерін бағалауда;
- ҚЕХС 10 Топтастырылған қаржылық есеп қазіргі уақытта. Қазіргі уақытта Компания бұл стандарттың қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне әсерін бағалауда;
- ҚЕХС 11 Бірлескен қызмет туралы келісім. Қазіргі уақытта Компания бұл стандарттың қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне әсерін бағалауда;
- ҚЕХС 12 Басқа компаниялардағы қатысу үлестері туралы ақпараттарды ашу. Кейбір жаңа ашулар қажет болады, алайда, Компания қаржылық жағдайы мен қызметіне келтіретін әсер етуін күтіп отырған жоқ;
- БЕХС 27 Жекелеген қаржылық есеп (2011 жыл). Компания жекелеген қаржылық есеп дайындамайды;
- ҚЕХС 13 Әділ құнды бағалау. Компания бұл стандартты қабылдағаннан кейін айтарлықтай нәтиже болады деп күтіп отырған жоқ;
- ҚЕХС 9 Қаржылық құралдар: жіктеу және бағалау. Компания бұл стандарттың оларды жариялағаннан кейін жобаның басқа кезеңдерімен байланыстағы әсерін бағалайды;

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Осы топтастырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі аспектілері төменде келтіріліп отыр. Аталған есеп саясаты дәйекті түрде егер өзгедей көрсетілмесе барлық ұсынылған кезеңдер үшін қолданылды.

### 2.1 Дайындау негізі

Осы топтастырылған қаржылық есеп Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалды. Топтастырылған қаржылық есеп қаржылық құралдарды қоспағанда бастапқы күн бойынша есеп қағидатына сүйене отырып дайындалды. Осы топтастырылған қаржылық есеп теңгемен беріліп отыр және барлық мәндер, егер өзгедей көрсетілмесе миллионға дейін дөңгелектеп алынды.

Топтастырылған қаржылық есепті ҚЕХС-ке сәйкес дайындау айтарлықтай есепке алулық бағалауларды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысындағы ауытқушылықтар бойынша пікірін білдіруді талап етеді. Өзіне күрделіліктің жоғарғы деңгейін немесе ауытқушылықтар қолдануды қамтитын қолданылу аясы, сондай-ақ бағалау мен ауытқушылықтарды қолдану топтастырылған қаржылық есеп үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертуде ашылып көрсетілді.

### БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ПАЙЫМДАУЛАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАН СТАНДАРТТАРЫ

Жыл ішінде Компания ҚЕХС-тың оны қолдану Компанияның қаржылық нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етпеген мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттарын қабылдады.

## 2.2 Жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп таныстырылымының өзгеруі

Компания топтастырылған есепте негізгі құралдардың құнсыздануын жеке жолға бөліп көрсетіп, жиынтық кіріс туралы кейбір шығындарды ашуды өзгертті. Салыстырма ақпараттарды ашу тиісінше өзгертілді.

## 2.3 Топтастыру ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

Оларға қатысты Компанияда әдетте дауыс құқығы бар акциялардың жартысынан астамына иелік етуді көздейтін қаржылық және операциялық саясатты басқаруға өкілеттігі бар компаниялар еншілес ұйымдар болып табылады. Қазіргі уақытта пайдаланылуы немесе өтімді болуы мүмкін ықпалды дауыс беру құқығының болуы мен ықпалы Компанияның басқа кәсіпорындарды бақылауын бағалау кезінде назарға алынады. Еншілес ұйымдар Компанияның бақылауын алған сәттен бастап топтастырылады. Мұндай кәсіпорындар бақылау тоқтатылған сәттен бастап топтастыру тоқтатылады.

Топшілік операциялар, сальдо және компаниялардың арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған пайдалар аласталады. Іске асырылмаған шығындар да аласталады, алайда берілетін активтің құнсыздануы нышаны ретінде қарастырылады. Еншілес кәсіпорындардың есеп саясаты, қажетіне қарай, Компания қабылдаған есеп саясатына сәйкестікке жеткізілуі үшін өзгертілді.

## АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚАТЫСУ

Компанияның ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша есептеледі. Ассоциацияланған компания – бұл Компания айтарлықтай ықпал көрсететін компания. Компанияны, сондай-ақ бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар болып табылатын, қатысушылар кәсіпорындардың экономикалық қызметіне бірлескен бақылау орнататын шарттық келісімге келетін бірлескен кәсіпорындарда да қатысу үлестері бар.

Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларға үлестік қатысу әдісіне сәйкес бастапқы құны бойынша қаржылық жағдай туралы топтастырылған есепте сатып алудан кейін Компанияға тиесілі ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың таза активтерінің үлесінде пайда болған қосымша өзгеріс есепке алынады.

Компанияның ассоциацияланған компанияларға инвестициялары негізінен дәлелденген қорлардың негізінде лицензиялардың құнына қатысты болатын сатып алу бағасының активтердің ағымдағы құнынан асуын қамтиды. Лицензиялар өндірістік әдіс қолданыла отырып, ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың дәлелденген игерілген қорларының негізінде амортизацияланады.

Жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп әр ассоциацияланған компания мен әрбір бірлескен кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерінің үлесін қамтиды. Егер ассоциацияланған компаниялардың немесе бірлескен кәсіпорындардың капиталында тікелей мойындалған өзгерістер орын алған болса, Компания мұндай өзгерістегі өзінің үлесін мойындайды және бұл қолданымды болған жағдайда капиталдағы өзгерістер туралы есепте бұл фактіні ашып көрсетеді. Компания мен оның ассоциацияланған компанияларының арасындағы операциялар бойынша пайда болған іске асырылмаған пайдалар мен шығындар Компанияның ассоциацияланған компаниялардағы үлесі деңгейінде алынып тасталды.

Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардағы пайданың үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы топтастырылған есепте ұсынылған. Ол ассоциацияланған

компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың акционерлеріне тиесілі пайданы білдіреді және сондықтан да салынған салық пен ассоциацияланған компаниялардың еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын бақылаусыз қатысу үлестері есепке алынғаннан кейінгі пайда ретінде айқындалады.

Ассоциацияланған компаниялардың қаржылық есебі бас компанияның қаржылық есебі сияқты сол есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын Компанияның есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Компания үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Компанияның ассоциацияланған компанияларға немесе бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары бойынша құнсызданудан болатын қосымша шығынды тану қажеттігін белгілейді. Компания әрбір есепті датаға ассоциацияланған компанияларға немесе бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардың құнсыздануының объективтік дәлелдері болуын анықтайды. Мұндай дәлелдер болған жағдайда Компания құнсыздану сомасын ассоциацияланған компанияның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелген құны мен ағымдағы құнының арасындағы айырмашылық ретінде есептейді және бұл соманы жиынтық кіріс туралы топтастырылған есепте есепте көрсетеді.

Компания ассоциацияланған компанияға елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпал ету жоғалған сәтке ассоциацияланған компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ бағасының және шығып кетуден түсімдердің арасындағы айырмашылық пайда немесе шығын ретінде танылады.

Бірлескен бақылауды жоғалтқан жағдайда және бұрынғы бірлесіп бақыланатын кәсіпорын еншілес немесе ассоциацияланған компания болып табылмауы шартымен Компания қалған инвестицияны әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Бірлесіп бақылау жоғалған сәтке бірлесіп бақыланатын кәсіпорынның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ бағасының және шығып кетуден түсімдердің арасындағы айырмашылық пайда немесе шығын ретінде танылады. Егер Компания инвестициялар объектісіне айтарлықтай ықпалын сақтаса, қалған инвестициялар ассоциацияланған компанияға инвестициялар ретінде есепке алынады.

## 2.4 Шетелдік валюталарды қайта есептеу

Топтастырылған қаржылық есеп жұмыс істеп тұрған валюта және Компанияның топтастырылған қаржылық есептілігі ұсынылатын валюта болып табылатын қазақстандық теңгеде («теңге») беріліп отыр. Компанияның әрбір еншілес ұйымы, ассоциацияланған компаниясы мен бірлескен кәсіпорны әр ұйымның қаржылық есебіне енгізілген өзінің жұмыс істейтін валютасы анықтайды және әр ұйымның қаржылық есебіне енгізілген баптар осы жұмыс істейтін валютада бағаланады. Шетелдік валютадағы операциялар бастапқыда операциялар датасына қолданыстағы бағам бойынша жұмыс істейтін валютада есептеледі. Шетелдік валютамен көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелер есепті датаға қолданыстағы жұмыс істеп тұрған валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық өзгерістер жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі. Шетелдік валютада әдір құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнын белгілеу датасына қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Шетелдік қызметтердің активтері мен міндеттемелері есепті датаға айырбас бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, ал мұндай компаниялардың жиынтық кірісі туралы есебінің баптары операциялар күніне бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеу кезінде пайда болған бағамдық өзгерістер тікелей басқа жиынтық кірісте немесе зиянда мойындалады. Шетелдік компания айналымнан

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

шыққан жағдайда нақты шетелдік компанияға қатысты валюталарды қайта есептеу бойынша резервтің жинақталған сомасы пайдалар мен шығындарда мойындалады.

## 2.5 Мұнайгаз кен орындарын барлау және игеру жөніндегі шығыстар

### БАРЛАУҒА ЛИЦЕНЗИЯЛАР САТЫП АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫНДАР

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу жөніндегі шығындар материалдық емес активтерге капиталдандырылады және барлаудың ұйғарылған мерзімінің ішінде тікелей желілік әдіс бойынша амортизацияланады. Әр объект жыл сайын бұрғылау жұмыстарының жоспарланғандығын және оның құнсызданбағандығын растау тұрғысында қарастырылады. Егер объект бойынша болашаққа жұмыстар жоспарланбаған жағдайда лицензияларды сатып алуға арналған шығындардың қалған сальдосы есептен шығарылады. Экономикалық жағынан негізделген алынатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») аңғарылған жағдайда амортизациялау тоқтатылады және қалған шығындар барлау жөніндегі шығындармен біріктіріледі және материалдық емес активтердің құрамында расталғанға дейін кен орындары бөлігінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Игеруді ішкі бекіту және тиісті бақылаушы органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттарды алу сәтіне тиісті шығыстар негізгі қаражатқа (мұнайгаз активтеріне) ауыстырылады.

### БАРЛАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар келтірілген сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей қатысты шығындар ұңғымаларды бұрғылау аяқталғанға және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланғанға дейін материалдық емес активтердің (барлау және бағалау жөніндегі активтердің) құрамында капиталдандырылады. Мұндай шығындар өзіне жалақыны, материалдарды, жанармайларды және электр энергиясын, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер, көмірсутектері байқалмаса, онда барлауға арналған шығыстар құрғақ ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер, өзіне коммерциялық игеру жеткілікті мөлшерде мүмкін болатын басқа ұңғымаларды (барлаулық немесе құрылымдық-іздістіру ұңғымаларын) бұрғылауды қамтуы мүмкін, бағалауға жататын көмірсутектері табылған жағдайда, онда мұндай шығындар актив ретінде есепке алу жалғастырылатын болады.

Мұндай тұрғыдағы барлық шығындар игеруге жалғасқан ниетті растау немесе қандай да болмасын тәсілмен ашылымнан құндылықты алу үшін кем дегенде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарулық тексеруге жатады. Егер, бұдан кейін ондай болмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың дәлелденген қорлары анықталса және игеруді жалғастыруға шешім қабылданса, онда тиісті шығындар негізгі құралдар (мұнайгаз активтерінің) құрамына көшіріледі.

### ИГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

Платформалар, құбыр желілері және игеру ұңғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылымдар объектілерінің құрылысын салуға, орнатуға және аяқтауға арналған шығындар көмірсутектерінің жеткілікті коммерциялық мөлшері байқалмаған, құрғақ ұңғымалар ретінде кезеңнің шығыстарына есептен шығарылады.

## 2.6 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизациясын, тозуын және құнсыздануын алып тастағанда бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе құрылысын салу, бағаларынан тікелей активті жұмыс жағдайына келтіруге жататын шығындардың кез келген түрінен және қажет болған жағдайда активтерді жою жөніндегі шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Активті сатып алу үшін берілген сыйақылардың кез келген түрінің төленген жиынтық құны мен әділ құны сатып алу немесе құрылысын салу бағасы болып табылады.

Мұнайгаз активтері өндірістік әдісті қолдану арқылы дәлелденген игерілген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет мерзімі кен орны қызметінің қалған мерзімнен аз кейбір мұнайгаз активтері 4 жылдан 10 жылға дейінгі пайдалы қызмет мерзімі ішінде тікелей желілік әдіспен амортизацияланады.

Басқа да негізгі құралдар тиісінше негізгі құралдардың әр тобы үшін пайдалы қызметтің 24 жыл және 7 жыл орташа мерзімі ішінде желілік әдіс пайдаланыла отырып амортизацияланатын, негізінен алғанда, ғимараттарды, машиналар мен жабдықтарды білдіреді.

Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің ұйғарылған мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және, қажет болған жағдайда, мерзімдердегі өзгерістер одан кейінгі кезеңдерде түзетіледі.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны жағдайларда ағымдағы құн өтелімді болып табылмайтындығын көрсететін қандай да болмасын уақиға немесе өзгеріс болған жағдайларда құнсыздандыру тұрғысында қайта қаралады.

Көмірсутектерінің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жою жоспарланған өндіруші ұңғымаларды қоса алғанда негізгі құралдар объектілері шығып қалуы кезінде немесе активті пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда актив ретінде есептелуін тоқтатады. Активті тануды тоқтатудан пайда болған кез келген кіріс немесе шығыс (сатудан түскен таза түсім мен объектінің ағымдағы құнының арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін) мұндай оқиға болған кезеңнің жиынтық кірісі туралы топтастырылған есебіне енгізіледі.

## 2.7 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания активтерді немесе активтер топтарын құнсыздану тұрғысында оқиға немесе жағдайлардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда ғана бағалайды. Жекелеген активтер, негізінен алғанда, активтердің басқа топтар генерацияланатын ақша ағымдарынан тәуелсіз, бірдейлендірілетін ақша ағымдары бар ең төменгі деңгейде құнсыздандыруға арналған бағалау мақсатында топтастырылады. Егер құнсызданудың бұндай көрсеткіштері болған немесе активтер топтарын жыл сайын құнсыздануға тестілеу талап етілетін жағдайларға Компания активтің қайтарылатын құны туралы бағалауды жүзеге асырады. Активтер топтарының өтелетін құны оны сатуға арналған шығыстарды есептемегенде әділ құны мен оның пайдаланылу құнының ең үлкені болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны оның өтелетін құнынан артық болған жағдайларда активтер тобы құнсызданылуға жатады және алмастыру құнына дейін есептен шығару жүргізіледі.

Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағымы активтер тобына тән тәуекелдерге орай түзетіледі және салық салынғанға дейін ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалануын көрсететін дисконттау ставкаларын пайдалану арқылы ағымдағы құнына дисконтталады.

Бағалау бұрын танылған құнсыздану бойынша шығындардың болмауына немесе азаюына қатысты қандай да болмасын индикаторлардың болуына қарай әр есепті датаға жүргізіледі. Егер мұндай индикаторлар болса, онда өтелетін құны бағаланады. Құнсыздану бойынша бұрын танылған шығын, егер құнсыздану бойынша соңғы шығын танылған сәттен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылатын бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана жойылады. Мұндай жағдайда, активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнына дейін арттырылады.

Арттырылған құн, егер оның алдындағы кезеңдерде құнсыздану бойынша шығын танылмаса тозуы немесе амортизация есептелместен анықталған ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Мұндай жою кірістер және шығыстар туралы есепте көрсетіледі.

Сторнирлаушы өткізілімдер жүргізілгеннен кейін тиімді қызметтің қалған мерзімі ішінде жүйелі негізде қалдық құн есептелместен активтің қайта қаралған ағымдағы құнын бөлу үшін одан кейінгі кезеңдердегі амортизация бойынша шығыстар түзетіледі.

## 2.8 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріліп құны бойынша есептеледі. Материалдық емес активтер мұнай-газ ресурстарын барлауға және компьютерлік бағдарламаларға лицензиялар алуға арналған шығындарды қамтиды. Бизнесстен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны – жиынтық төленген сома мен активті сатып алу үшін берілген кез келген сыйақының әділ құны. Активтердің пайдалы қызметінің күтілімді мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және қажет болған жағдайда, мерзімдердің өзгеруі келесі кезеңдерде түзетіледі. Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етудің пайдалы ғұмыры мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейінгіні құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны уақиға немесе жағдайлардағы өзгерістер ағымдағы құнның өтелмейтіндігін көрсететін жағдайларда құнсыздану тұрғысында талданады.

## 2.9 Қаржылық активтер

БЕХС 39 шеңберінде қаржылық активтер не кірістер мен шығыстар, заемдар мен дебиторлық берешектер, өтелгенге дейін ұстап қалынатын инвестициялар туралы есеп арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер ретінде не олардың арналуына қарай сату үшін қолма-қол түрде қолда бар қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Қаржылық активтерді бастапқы тану кезінде олар әділ құны бойынша бағаланады. Егер инвестициялар кіріс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер ретінде жіктелмесе, онда олардың әділ құнына есебін көрсету кезінде олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар да қосылады.

Компания бастапқы тану кезінде өзінің қаржылық активтерінің жіктелуін белгілейді және оған рұқсат етілген және орынды жағдайда аталған жіктемені әр қаржы жылының соңында қайта қарайды.

Қаржылық активтерді барлық стандартты сатып алу мен сату мәмілені орындау датасына, яғни Компания өзіне активтерді сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге танылады. Сатып алу немесе сату стандарттары дегеніміз - бұл активтерді әдетте нормативтік актілермен немесе рынокта қабылданған ережелермен белгіленетін мерзімнің ішінде беруді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату.

## ӨТЕУГЕ ДЕЙІН ҰСТАП ҚАЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Тұрақты немесе белгіленетін және өтем мерзімі белгіленген көлденең қаржылық активтер Компанияның оларды өтеуге дейін ұстап қалуға ниеті мен мүмкіндігі болған жағдайда өтеуге дейін ұстап қалынатын ретінде жіктеледі. Бастапқы танығаннан кейін өтеуге дейін ұстап қалынатын инвестициялар тиімді пайыздық ставкалар әдісі қолданыла отырып амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

## САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР

Сатуда тұрған қаржылық активтер - бұл санатқа арнайы жатқызылған немесе басқа санаттардың бір де біріне жатқызылмаған көлденең қаржылық активтер. Сатуда тұрған қаржылық активтер бастапқы танылғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал көлденең пайда немесе шығын басқа жиынтық кірісте немесе инвестицияны тану тоқтатылғанға немесе құнсыздануы белгіленгенге дейін зиянда танылады. Бұл сәтте жинақталған резерв пайдада немесе шығында танылады.

## САТУДА БАР ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Сатуда тұрған қаржылық активтер - бұл санатқа арнайы жатқызылған немесе басқа санаттардың бір де біріне жатқызылмаған көлденең қаржылық активтер. Сатуда тұрған қаржылық активтер бастапқы танылғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал көлденең пайда немесе шығын басқа жиынтық кірісте немесе инвестицияны тану тоқтатылғанға немесе құнсыздануы белгіленгенге дейін зиянда танылады. Бұл сәтте жинақталған резерв пайдада немесе шығында танылады.

## ӘДІЛ ҚҰН

Ұйымдастырылған қаржылық рынокта еркін айналыстағы инвестициялардың әділ құны есепті датаға жұмыс күнінің соңына сатуға арналған нарықтық баға кесулердің негізінде айқындалады. Рынокта өтімді емес инвестициялар үшін әділ құны бағалаудың түрлі әдістемелерін қолдану жолымен белгіленеді. Мұндай әдістемелер коммерциялық негізде жүргізілген ең соңғы мәмілелердің бағасын пайдалануды; осыған ұқсас құралдардың ағымдағы нарықтық құндарын пайдалануды; дисконтталған ақша ағымдары мен бағалаудың басқа да үлгілерін талдауды қамтиды.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Компания әрбір есепті датаға қаржы активтерінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануы болған-болмағандығын анықтайды.

## АМОТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН АКТИВТЕР

Егер амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын активтер бойынша құнсызданудан шығындардың пайда болғандығы туралы объективті дәлел болса, шығынның сомасы активтің баланстық құны мен қаржылық актив бойынша сыйақының бастапқы тиімді ставкасы бойынша (яғни, бастапқы тану кезінде есептелген сыйақының тиімді ставкасы бойынша) күтілетін келешектегі ақша ағымдарының ағымдағы құнының (әлі пайда болмаған келешектегі несиелік жоғалтуларды есептемегенде) арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады.

Егер одан кейінгі кезеңде құнсызданудан болған шығын сомасы азайса және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті түрде байланысты болуы мүмкін болса бұрын танылған құнсызданудан болған шығын активтің ағымдағы құны қалпына келтіру датасына оның амортизацияланған құнынан аспауы шегінде түзетіледі. Кез келген одан кейінгі шығынды құнсызданудан түзету пайдада немесе пайдада немесе зиянда танылады.

Егер Компания өзіне шот-фактураның бастапқы шарттарына сәйкес тиесілі соманы түгел алмағандығы туралы объективті дәлел болған жағдайда (мысалы, дебитордың төлем қабілетсіздігі немесе басқа да елеулі қаржылық қиналысы) саудалық дебиторлық берешек бойынша құнсыздануға резерв құрылады. Дебиторлық берешектің ағымдағы құны резервтің шотын пайдалану арқылы азаяды. Құнсызданған берешек, егер олар үмітсіз деп есептелсе тоқтатылады.

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

## САТУҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Егер сатуға арналған активтердің құнсыздануы орын алса, бұрын пайдада немесе шығында танылған құнсызданудан болған шығынды шегеріп тастап, оны сатып алуға арналған шығындар (негізгі сома мен амортизация төлемін шегеріп тастағанда) мен оның ағымдағы өділ құнының арасындағы айырмашылық капиталдан пайдалар мен шығындарға ауыстырылады. Бұрын танылған шығынды сату үшін арналған ретінде жіктелген үлестік құралдар бойынша құнсыздандыруға түзету пайдалар мен шығындарда көрсетілмейді. Борыштық құралдар бойынша құнсызданудан болған шығындарды түзету, егер құралдың өділ құнын арттыру пайдалардағы немесе шығындардағы құнсызданудан болған шығындарды танығаннан кейін болған оқиғамен объективті түрде байланысты болса пайдалар немесе шығындар арқылы жүзеге асырылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРДІ ТАЛУДЫ ТОҚТАТУ

Қаржылық актив (немесе, қолданылуына қарай – қаржылық активтің бір бөлігі немесе осындай қаржылық активтер тобы) егер:

- активтен ақша құйылымын алуға арналған құқықтардың қолданылу мерзімі аяқталса,
- Компания активтен ақша құйылымын алу құқығын өзінде сақтаса, бірақ оларды қайта бөлу туралы келісімге сәйкес елеулі кедергісіз толықтай үшінші тарапқа беру міндетін қабылдаса; немесе
- Компания активтен ақша ағымдарын алуға арналған өзінің құқығын берген және не болмаса (а) активтен болатын барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыны берсе, не (б) бермесе, бірақ активтен болатын барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды өзінде сақтамаса, алайда аталған активке бақылауды берсе танылуын тоқтатады.

## 2.10 Тауарлық-материалдық қорлар

Тауарлық-материалдық қорлар екі көлемнің: ФИФО әдісі бойынша өзіндік құны мен сатудың таза бағасының ең төмені бойынша есептеледі. Құны өзіне әр затты баратын жеріне жеткізумен және оны ағымдағы жағдайға келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында келтірілген барлық шығындарды қамтиды. Шикі мұнайдың құны өндірістің орташа көлемінің негізінде тозуына, ескіруі мен амортизациясына және накладнойлық шығыстарға арналған шығындардың тиісті бөлігін қоса алғанда оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай сатудың таза бағасы мұндай сатумен байланысты шығындарды есептемегенде сатудың ұйғарылған бағасына негізделеді. Материалдар мен қорлар күтілетін сомадан аспайтын, әдеттегі қызмет барысында өтелетін құны бойынша есептеледі.

## 2.11 Қосылған құнға арналған салық (ҚҚС)

Салық органы нетто негізінде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС есептеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтеуге арналған ҚҚС ішкі рынокта сату бойынша ҚҚС-ті есептемегенде ішкі рынокта сатып алу бойынша ҚҚС-ті білдіреді. Экспортқа сатуға нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынады.

## 2.12 Ақша қаражаты мен олардың баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламалары өзіне кассадағы қолма-қол ақшаны, банктік салымдардағы қаражатты, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

## 2.13 Жарғылық капитал ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Қарапайым акциялар мен олар бойынша дивидендтер эмитенттің қалауы бойынша төленетін өтелмейтін, өтеуге жатпайтын артықшылықты акциялар жеке капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тұлғалардың қызмет көрсетуіне ақы төлеуге арналған шығындар аталған эмиссиялардың нәтижесінде алынған капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

## МЕНШІК САТЫП АЛЫНҒАН АКЦИЯЛАР

Компания немесе оның еншілес ұйымдары Компанияның акцияларын сатып алған жағдайда оларды сатып алу құны табыс салығын есептемегенде мәмілені жасауға арналған тиісті шығындарды қоса алғанда оларды жою немесе қайталап шығару сәтіне дейін капиталдың жалпы сомасынан сатып алынған меншік акциялары ретінде алынып тасталады. Компанияның меншік үлестік құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою кезінде жиынтық пайда туралы топтастырылған есепте қандай да болмасын кірістер мен шығыстар танылмайды. Мұндай акцияларды одан кейінгі сату немесе қайталап шығару кезінде алынған сома капиталдың құрамына енгізіледі. Сатып алынған меншік акциялар орташа есеппеленген құн бойынша есептеледі.

## ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және, егер олар есепті датаға дейінгіні қоса алғанда жарияланған жағдайда ғана есепті датаға капиталдың сомасынан есептеледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті датаға дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есепті датадан кейін, бірақ топтастырылған қаржылық есептілік шығаруға бекітілген датаға дейін ұсынылған және жарияланған болса есептілікте ашылады.

## АКЦИЯЛАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАР

Компанияның қызметкерлері (жоғары басшылықты қоса алғанда) акцияларға негізделген төлемдер нысанында сыйақы алады. Қызметкерлер ол үшін олар үлестік құралдармен (мәмілелер, үлестік құралдармен жүзеге асырылатын есептер) сыйақы алатын қызметтер ұсынады.

Үлестік құралдарды шығару жүргізілген және Компания үлестік құралдар үшін сыйақы ретінде алған кейбір қызметтер бірігейленбейтін жағдайда бұл бірігейленбейтін алынған (немесе алуға жататын) тауарлар немесе қызметтер акциялардың құнына және сыйақы беру датасына алынған бірігейленетін тауарлардың немесе қызмет көрсетулердің өділ құнына негізделген мәмілелердегі өділ құнының арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады. Одан кейін, бұл сома тиісті тұрғыда капиталдандырылады немесе шығыстарға жатқызылады.

Олар бойынша есеп айырысулар 2007 жылдың 1 шілдесінде немесе бұл датадан кейін берілген сыйақыларға қатысты үлестік құралдармен жүзеге асырылатын қызметкерлермен мәмілелердің құны олар берілген датаға мұндай құралдардың өділ құнының негізінде бағаланады. Өділ құн Блэк – Шоулз – Мертон опциондық баға құру үлгілері қолданыла отырып анықталады.

Үлестік құралдардың негізіндегі мәмілелер бойынша шығыстар белгілі бір мерзімнің еңбек сіңіру шарты орындалатын кезең ішінде бір мерзімде капиталды тиісінше арттырумен бір мезгілде үлестік құралдардың негізінде танылады.

Аталған мәмілелер бойынша жиынтық шығыстар сыйақы ретінде берілетін үлестік құралдардың санына қатысты Компанияның ең жақсы бағасының негізінде аяқталған кезеңге бара-бар міндеттеме өтелгенге дейін әр есепті датаға танылады.

Кезең ішіндегі жиынтық кіріс туралы топтастырылған есептегі шығыс немесе кіріс кезеңнің басында және соңында танылған жиынтық шығыстың өзгеруін білдіреді. Оған арналған құқық қызметкерлерге түбегейлі ауыспаған үлестік құралдармен сыйақылар бойынша шығыс танылмайды.

Егер үлестік құралдармен төленетін сыйақы жойылса ол оған арналған құқық жою датасына ауыстырылған ретінде есептеледі. Бұл ретте, сыйақыға қатысты танылмаған барлық шығыстар дереу танылады. Егер Компания не қызметкер аталған жағдайға ықпал етсе, бұл, сонымен қатар, оларға қатысты шарттар орындалмаған, берілген құқықтармен қамтамасыз етілмеген сыйақыларға да қатысты болады. Олар бойынша есеп айырысу үлестік құралдармен жүзеге асырылатын мәміле бойынша сыйақыны жоюдың барлық жағдайлары бірдей есептеледі. Сыйақыларды құқықтарды алу арқылы жою жағдайында кез келген бұрын танылған шығыстар капитал арқылы түзетіледі.

Орындалмаған опциондардың молайтушы әсері акцияға арналған пайданың көрсеткіштерін есептеу кезінде акцияларды қосымша молайту ретінде көрсетіледі.

## 2.14 Саудалық несиелік берешек

Саудалық несиелік берешек бастапқыда әділ күн бойынша көрсетіледі және одан кейін пайыздың тиімді ставкасы әдісі пайдаланыла отырып амортизацияланған күн бойынша бағаланады.

## 2.15 Резервтер

Резервтер, егер Компанияның өткен оқиғаның нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемелері (заңдық немесе тәжірибеден туындаған) болса, бұл міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың кемуі анық болса және мұндай міндеттеменің сомасын сенімді бағалау алынса танылады. Егер Компания, мысалы, сақтандыру шарты бойынша резервтердің кейбір бөлігін немесе барлығының өтелуін алуды ұйғарса, өтеуді алу күмән келтірмейтін жағдайда ғана жеке актив ретінде танылады. Резервке жататын шығыс өтеу шегеріліп тасталып жиынтық кіріс туралы топтастырылған есепте көрсетіледі. Егер ақшаның уақытша құнының әсері айтарлықтай болса, резервтер ол қолданымды кезде нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін ағымдағы ставка бойынша дисконтталады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің артуы уақыттың өтуіне қарай қаржыландыруға арналған шығын ретінде танылады.

## 2.16 Заемдар

Заемдар бастапқыда мәміле бойынша шығыстар есептелместен әділ күн бойынша танылады. Одан кейінгі кезеңдерде заемдар амортизацияланған күн бойынша көрсетіледі; алынған қаражаттың әділ құны (мәміле бойынша шығыстарды есептемегенде) мен өтеуге жататын соманың арасындағы айырмашылық сыйақының тиімді пайыздық ставкалар әдісі пайдалана отырып заем берілген мерзімнің ішінде жиынтық кіріс туралы топтастырылған есепте көрсетіледі. Заемдар, егер Компания төлеуді есепті датадан кейін кемінде 12 айға кейінге қалдырудың сөзсіз құқығына ие болмаса, ағымдағы міндеттеме ретінде жіктеледі. Тікелей сатып алуға, құрылысқа немесе жіктелетін активті өндіруге жататын займдар бойынша шығындар капиталдандырылады. Жіктелетін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты заемдар бойынша шығындар капиталдандырылады.

## 2.17 Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер барлық уақытша айырмашылықтарға қатысты міндеттемелердің баланстық әдісі қолданыла отырып есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар, компаниялардың бірігуі болып табылмайтын және ол жасалған сәтте бухгалтерлік кіріске немесе салықтық кіріс пен шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша гудвиллді, активті немесе міндет-

темені бастапқы танудың нәтижесінде кейінге қалдырылған табыс салығының пайда болуын қоспағанда активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың қаржылық есептіліктегі баланстық сомасының арасындағы барлық уақытша айырмашылықтарға белгіленеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша актив шығарылып тасталатын уақытша айырмашылықтардың сомасына азайтылуы мүмкін болатын салық салынатын пайда алудың айтарлықтай мүмкіндігі бар дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер қолдану есепті датаға қолдануға енгізілген немесе іс жүзінде заңдастырылған салықтық ставкалардың негізінде активті сату немесе міндеттемені өтеу кезеңінде күтілетін салықтық ставкалар бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы барлық уақытша айырмашылықтардың азаюы мерзімдердің қадағалауға болатын және уақытша айырмашылықтардың таяудағы келешекте азаймайтындығы көміл мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда еншілес және ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен байланысты барлық уақытша айырмашылықтар бойынша танылады.

## 2.18 Қызметкерлер сыйақы

Компания қызметкерлердің есептелген жалақысынан тиісті зейнетақы қорларына зейнетақылық аударым ретінде 10% ұстап қалады. Зейнетақылық аударымдардың мөлшері 2012 жылы айына 130.793 теңге (2011 жылы: айына 119.993 теңге) сомамен шектелді. Ағымдағы қазақстандық заңнамаға сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнетақылық қамтамасыз етілуі үшін өздері жауаптылықта болады.

## 2.19 Кірісті тану

Компания шикі мұнайды қысқа мерзімді шарттар бойынша фрахтының, сақтандырудың және сапасы үшін жеңілдіктердің құнына түзетілген Platt's баға кесуі бойынша айқындалған бағалар бойынша сатады. Мәншік құқығының ауысуы жүзеге асырылады және кірістер әдетте келісім шарт бойынша келісілген шарттарға қарай шикі мұнай іс жүзінде кемеңің бортына тиелген немесе кемеңден түсірілген, құбыр желісіне немесе жеткізудің өзге де тетігіне жіберілген сәтте танылады.

Компанияның шикі мұнайды сатуға арналған келісім-шарттарында шикі мұнайдың белгілі бір уақыт кезеңі ішінде берілуі тиіс ең жоғары мөлшері көрсетіледі. Тиелген, бірақ сатып алушыға әлі жеткізілмеген шикі мұнай қаржылық жағдай туралы есепте тауарлық-материалдық қорлар ретінде септеледі.

## 2.20 Табыс салығы

Үстеме пайдаға арналған салық («ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрайды. 2009 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген қолданылып жүрген салықтық заңнамаға сәйкес Компания жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісім-шартқа қатысты Жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жекелеме келісімшарт бойынша бір жылға шегеріп тастағанда жиынтық жылдық кіріске арақатынаста ауытқымалы ставка бойынша ҮПС есептейді және төлейді. ҮПС қолдануға себепші болатын әр салық жылына шегеріп тастағанда жиынтық жылдық кірістің арақатынасы 1,25:1-ді құрайды. ҮПС ставкалары жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісім-шартқа қатысты әр келісімшартқа тиесілі 25 % шегеріп тастаумен салық салынатын кіріс (Корпоративтік Табыс Салығы мен рұқсат етілген бағаламалардан кейінгі салық салынатын кіріс) бөлігінде қолданылады.

Пайданың ішкі нормасы жер қойнауын пайдалануға арналған әр келісім-шарт бойынша ақша ағымының негізінде есептеледі және инфляцияның ұлттық деңгейіне түзетіледі. Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығына да, үстеме пайдаға арналаған салыққа да есептеледі. Үстеме пайдаға арналған кейінге қалдырылған салық келісім-шарт бойынша төлеуге жататын үстеме ақыға арналған салықтың күтілген ставкасы бойынша жер қойнауын пайда-

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

*Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде*

лануға арналған келісім-шарттарға жатқызылған активтер үшін уақытша айырмашылықтар бойынша есептеледі.

## 3. ЕЛЕУЛІ АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР

2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде Компания ақша қаражатының қозғалысы туралы топтастырылған есептен төлем көзінен табыс салығына есептеуге жататын сенімсіз операция қаражатын 856 миллион теңге (2011 жылы: 1.479 миллион теңге) сомасында қаржылық активтер бойынша алуға жататын сыйақылардың есебі мен 2.763 миллион теңге (2011 жылы: 298 миллион теңге) сомасында ассоциацияланған компаниялардан алынған дивидендтердің есебіне есептен шығарды.

2012 жылы 29 мамырда Компания 2012 жылдың 11 маусымына жағдай бойынша айналымдағы акцияға 1.300 теңге мөлшерінде дивидендтер бөлу туралы мәлімдеді (12-ескерту). ҚМГ ҰК-ның борыштық құралдарын сатып алу шартының талаптарына сәйкес 2012 жылғы 16 шілдеде Компания 55.785 миллион теңге сомаға негізгі борыш пен 228 миллион теңге мөлшеріндегі сыйақыны қоса есептегенде 56.013 миллион теңге (2011 жылы 33.335 миллион теңге сомаға негізгі борыш пен 1.135 миллион теңге мөлшерінде сыйақыны қоса есептегенде 34.470 миллион теңге) сомаға жарияланған дивидендтерді Борыштық құралдың бөліктеріне қарсы Бас компанияға төлеуге есептеуді жүргізді (8-ескерту).

## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР

ҚЕХС-ке сәйкес топтастырылған қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан қаржылық есептілікті қалыптастыру дағасына есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелер мен шартты активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті кезеңдегі есептілікте активтерге, міндеттемелерге, кірістерге, шығыстар мен шартты активтерге және міндеттемелерге әсер ететін бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Неғұрлым маңызды бағалаулар төменде келтірілген:

### МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ҚОРЛАРЫ

Мұнай және газ қорлары Компанияның тозу, ескіру және амортизация жөніндегі есептеріндегі елеулі фактор болып табылады. Компания өзінің мұнай және газ қорларын Мұнайгаз инженерлері қоғамының әдістемесіне сәйкес бағалайды. Компания қорларды Мұнайгаз инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша бағалау кезінде ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жылдың аяғына спот бағасын пайдалануға тән тұрақсыздық әсерін жояды. Басшылық, сонымен қатар, өнімдерді шығару мен сатуды және инвестициялық шешімдер қабылдауды жоспарлау үшін де пайдаланатын ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамал өндіру жөніндегі қызметтің ұзақ мерзімдік сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай және газ қорларын бағалау үшін неғұрлым қолайлы негіз береді деп есептейді.

Қорларды барлық белгілеу белгілі бір дәрежеде болжамсыздықты ескереді. Болжамсыздық, негізінен алғанда, мұндай деректерді бағалау және интерпретациялау сәтін қол жетімді сенімді геологиялық және инженерлік деректердің ауқымына байланысты болады. Болжамсыздықтың белгілі бір дәрежесі қорларды дәлелденген немесе дәлелденбеген қорлар сияқты екі негізгі санаттан бір санатқа жатқызу арқылы көретілуі мүмкін. Дәлелденбеген қорларға қа-

рағанда дәлелденген қорларды алуда едәуір зор айқындық бар әрі дәлелденген қорлар оларды алу мүмкіндіктеріне қатысты прогрессивті түрде арта түсетін болжамсыздықты білдіру үшін одан әрі игерілген және игерілмеген қорлар болып бөлінуі мүмкін. Жыл сайынғы бағалаулар талданады және түзетіледі. Түзету қолда бар геологиялық деректерді, кәсіпшіліктік өлшемдерді немесе өндіру туралы деректерді; жаңа деректердің болуын; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістерді бағалаудың немесе қайта бағалаудың салдарынан пайда болады. Қорларды бағалау, сондай-ақ қайтарымдылықты арттыруға, қабаттардың өнімділігін өзгертуге немесе игерудің стратегияларын өзгертуге арналған жобалардың қолданылуы салдарынан да қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген игерілген қорлар тозуды, ескіруді және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыстардың көлеміне теңбе-тең мөлшерде амортизация ставкаларын есептеу үшін пайдаланылады. Компания дәлелденген қорларға, күтіліп отырғандай, бастапқы лицензиялық кезеңнің ішінде өндірілетін көлемдерді ғана енгізді. Бұған лицензияларды ұзарту, түптеп келгенде, Үкіметтің қалауы бойынша жүзеге асырылатын болғандықтан ұзарту жөніндегі процедуралардың нәтижелеріне қатысты болжамсыздық себеп болды. Компанияны лицензиялық кезеңдеріндегі ұзарту мен оған сәйкес қорлардың көрсетілген мөлшерлеріндегі көбею әдетте тозу, ескіру және амортизация бойынша анағұрлым аз шығындарға әкеп соқтырады және кіріске айтарлықтай әсер етеді. Дәлелденген игерілген қорлардың азаюы тозуға, ескіруге және амортизацияға (өндірудің ұдайы өндіру деңгейі кезінде) арналған аударымдардың артуына, кірістің төмендеуіне әкеліп соқтырады және мүліктің баланстық құнының тікелей төмендеуіне де әкеп соқтыруы мүмкін. Пайдаланылатын кен орындарының салыстырмалы түрде алғанда саны аз болуы жағдайында өткен жылмен салыстырғандағы қорларды бағалаудағы өзгеріс келген өзгеріс тозуға, ескіруге және амортизацияға арналған аударымға айтарлықтай ықпал етуі мүмкіндігі орын алады.

### МҰНАЙГАЗ АКТИВТЕРІНІҢ ӨТЕМДІЛІГІ

Әр есепті кезеңде Компания құнсыздану индикаторларының болуын анықтау үшін ақша қаражатын әкелетін («әкелуші бірлік») әрбір активті немесе активтер тобын бағалайды. Егер мұндай индикатор болса, іске асыруға арналған шығындар мен пайдалану құнын шегеріп тастағанда әділ құнның неғұрлым жоғары мәні ретінде қаралатын өтелетін құнды тиісті бағалау жүргізіледі. Бұл есептеулер мұнайға арналған ұзақ мерзімді бағалар (ағымдағы және тарихи бағаларды, бағалардың өзгеруіндегі тенденциялар мен себептес факторларды ескере отырып), дисконт ставкалары, операциялық шығындар, капиталға деген келешек сұраныс, пайдаланудан шығаруға арналған шығындар мен пайдаланулық сипаттамалар, резервтер мен операциялық қызмет (өндіру мен сатудың ауқымдарын қамтитын) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қажет етеді. Бұл бағалаулар мен жол берулер тәуекелдер мен болжамсыздықтарға ұшырауы мүмкін. Осылайша, жағдайдағы өзгерістердің активтердің және/немесе әкелуші бірліктің өтелетін құнына ықпал етуі мүмкін болуы себепті бұл болжамдарға ықпал ету мүмкіндігі орын алады. Әділ құн хабардар және бұндай мәмілелерді жасауға дайын тараптардың арасындағы мәміледе нарықтық жағдайларда активті және/немесе әкелуші бірліктерді сатудан алынуы мүмкін болатын сома ретінде айқындалады. Мұнайгаз активтерінің әділ құны, әдетте, болашақта кеңею жоспарлары мен ықтимал шығып қалу, рыноктың тәуелсіз қатысушысы назарға алынуы

мүмкін болатын орайлы тұсты пайдалану сияқты бағаларды қамтитын, активтерді пайдалануды жалғастырудан пайда болатын келешек ақша ағымдарын есептеудің ағымдағы құны ретінде айқындалады. Болашақ ақша ағымдары құнды активке тән ақшалар мен тәуекелдердің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін дисконттау ставкасына орайлас келтірілгенге дейін дисконтталады.

Компанияның басшылығы құнсыздану индикаторларының болуына орай «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өтелетін құнын бағалауды жүргізді. Құнсызданудың негізгі индикаторлары соңғы екі жыл ішінде жоспарланған көлемдермен салыстырғанда өндіріс ауқымының айтарлықтай төмендеуі мен арта түсіп отырған операциялық және капиталдық шығындар болып табылады. Бағалау нәтижелері «Өзенмұнайгаз» АҚ активтерінің ағымдағы құны 2012 жылы құнсызданудан болған шығынды мойындауға әкеп соқтырған бағалаулық өтелетін құннан 75 миллиард теңгеге артқанын көрсетті (6.20 ескерту). Арта түсіп отырған құнды бағалау Компания басшылығының ақша ағымдарын дисконттау әдісімен алынған әділ құнды бағалауына негізделген. Бағалау нәтижелері өндірістің ауқымы мен шикі мұнайды сату бағасына қатысты жол берушіліктерге неғұрлым бейім.

Өндірудің пайдаланылған бейіні тысқары аккредиттелген мұнайгаздық консалтингтік компанияның бағалауына негізделген және таяудағы 4 жыл ішінде өндірудің 20%-дан астамға өсуін көздейді. Егер профиль бағалау барысында пайдаланылғаннан 5%-ға жоғары немесе болса, бұл құнсызданудың 55 миллиард теңгеден астамға азаюына немесе тиісінше құнсызданудың 55 миллиард теңгеден астамға артуына алып келер еді. Егер өндіру өзгерген жоқ және 2012 жылдың деңгейінде қалды деп ұйғарылған болса, онда құнсыздану 200 миллиард теңгеден астамды құраған болар еді.

Brent шикі мұнайының бағасы туралы мойындалған жол берушіліктер тәуелсіз салалық зерттеу ұйымының мұнайға арналған бағаның орташа тарихи дисконтына түзетілген болжамдарына орай рыноктық күтулерге негізделді. Егер Brent шикі мұнайының болжалып отырған бағасы бағалау барысында пайдаланылғаннан 5%-ға жоғары немесе төмен болған болса, бұл құнсыздануды 40 миллиард теңгеден астамға азайтуға немесе тиісінше құнсыздануды 40 миллиард теңгеден астамға арттыруға әкеп соқтырар еді.

Болжалып отырған ақша ағымдары 2021 жылы лицензия мерзімінің аяқталу датасымен шектелді. 2017 жылға дейінгі шығындар Компанияның бекітілген бюджеті мен бизнес-жоспарының негізінде болжамдалды. Ақша ағымдарының үлкен бөлігі бұл кезеңнен кейін басшылықтың бағалау жүргізу датасындағы ең үздік бағалауына негізделген күрделі шығындарды есептегенде Қазақстанның инфляциясының болжалып отырған ставкаларын қолдану жолымен болжамдалды. Бағалау мақсаттары үшін басшылық шығыстарды қысқарту мақсатында лицензияның мерзімі аяқталар алдындағы соңғы жылдары операциялық және күрделі шығындарды айтарлықтай азайта алады деп пайымдалды. АҚШ долларына қайта бағаланған мұнайды сатуды қайта есептеу үшін құнсыздануды бағалау датасына АҚШ долларына 150.45 теңге ресми айырбас бағамы пайдаланылды. Барлық алынған ақша ағымдары капиталдың 13.09% болатын салық салудан кейінгі орташа есеппендегі құны пайдаланыла отырып, дисконтталды («WACC»).

Басшылық «Өзенмұнайгаз» АҚ активтерінің құнсыздануы бойынша шығыстар алдағы кезеңдерде өндіріс іс жүзінде құнсыздануды ағымдағы өлшеу кезінде пайдаланылған күтілуден асып түсуі шартымен немесе шикі мұнайдың рыноктық құнын айтарлықтай арттыратын индикаторлардың пайда болуы жағдайында алдағы кезеңдерде түзетілуі мүмкін деп есептейді.

#### **АКТИВТЕРДІҢ ШЫҒЫП ҚАЛУЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Компания белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша, заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес негізгі құралдарды қайта монтаждау және жою және кен орындары-

ның әр қайсысында жер учаскелерін қалпына келтіру жөнінде заңдық міндеттеме алады. Атап айтқанда, Компанияның міндеттемесі барлық өнімді ұңғымаларды бірте-бірте жабу мен құбыр желілерін, ғимараттарды қайта монтаждау мен келісім-шарттық аумақтарды қайта культивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату жөніндегі іс-қимылдар жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Компанияның қалауы бойынша ұзартылмайтын болғандықтан әр лицензиялық кезеңнің аяқталу датасы түпкілікті жабу бойынша міндеттемелерді орындаудың есепті мерзімі болып табылатындығына жол беріледі. Егер активтерді жою жөніндегі міндеттеме кен орындарын пайдаланудың экономикалық негізделген тоқтауының аяқталуы бойынша орындалуы тиіс болса, онда көрсетілген міндеттеме ұңғымаларды жою жөніндегі барлық шығындар мен жабу бойынша түпкілікті шығындарды қоса есептеудің салдарынан айтарлықтай арта түсетін еді. Компанияның ұңғымаларды жоюды және оларды түпкілікті жабу жөніндегі шығындарды қаржыландыру бойынша міндеттемелерінің көлемі тиісті келісім-шарттар мен қолданылып жүрген заңнаманың талаптарына қатысты болады. Келісім-шарт та, заңнама да лицензиялық кезеңнің соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу жөніндегі мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша белгілі бір міндеттемелерді көздемейтін жағдайларда міндеттемелер танылмайды. Мұндай шешім қабылдауға кейбір дүдәмалдылықпен айтарлықтай пайымдаулар себеп болды. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты баға беруі Үкіметтің саясаты мен практикасындағы немесе жергілікті салалық практикадағы өзгерістермен қоса өзгеруі мүмкін. Компания активтердің шығып қалуы жөніндегі міндеттемелерді әр келісімшарт бойынша жеке есептейді. Міндеттеменің сомасы күтіліп отырғандай, инфляцияның күтіліп отырған деңгейіне орай түзетілген және қазақстандық рынокқа тән тәуекелдерге орай түзетілген ауыспалы экономикалық елдердің мемлекеттік борышы бойынша орташа, ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық ставкаларын пайдалану арқылы дисконтталған бағалаулық шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Активтердің шығып қалуы бойынша міндеттеме әр есепті датаға қайта қаралады және Олар жұмыс істейтін учаскеде негізгі құралдар объектілерін пайдаланудан шығару, табиғи ресурстарды қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелер мен өзге де осындай міндеттемелерге өзгерістер 1 Пайымдауға сәйкес ең дұрыс бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Жабуға арналған болашақтағы шығындарды бағалау кезінде басшылық жасаған негізгі бағалар мен ұйғарымдар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің басым көпшілігі алыстағы болашаққа жатады және заңнамалық талаптардағы түсініксіздіктерді қоспағанда, Компанияның бағаларына активтерді шығару технологияларындағы, шығындардағы және салалық практикадағы өзгерістер де әсер етуі мүмкін. 2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанына есептегенде резервтің шамамен алғанда тиісінше 15.8% және 13.84%-ы түпкілікті жабу жөніндегі шығындарға жатады. Түпкілікті жабуға арналған шығындарға қатысты белгісіздік күтіліп отырған ақша ағымдарын дисконттаудың әсерінен азайып келеді. Компания болашақтағы ұңғымаларды жою құнын ағымдағы жылдың бағасы мен инфляцияның ұзақ мерзімдік деңгейінің орташа мәнін пайдалану арқылы бағалайды.

2012 жылдың 31 желтоқсанына міндеттемелердің баланстық құнын айқындау үшін пайдаланылған ұзақ мерзімдік инфляция мен дисконттау ставкалары тиісінше 5,0 % бен 7,9 %-ды (2011: 5,0 % және 7,9 %) құрады. Активтердің шығып қалуы бойынша міндеттемелер бойынша резервтің өзгеруі 15-ескертуде ашып көрсетілген.

#### **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОҢАЛТУ**

Компания сондай-ақ, экологиялық оңалтуға арналған резервтерді қалыптастыру бойынша бағалар жасайды және пайымдаулар енгізеді. Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақтағы экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Бұның алдындағы қызметтен туындаған және болашақта экономикалық пайдасы жоқ қазіргі жағдайға қатысты шығындар шығыстарға жатады.

Міндеттеме шығындар туралы және қайта культивациялау жөніндегі күтіліп отырған жоспарлар туралы ағымдағы



# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

ақпараттардың негізінде айқындалады және, басшылықтың қажетті рәсімдердің мерзімдеріне қатысты күтулеріне сүйене отырып, дисконтталған негізде есептеледі. Компанияның экологиялық оңалтуға арналған резерві Компанияның қолданылып жүрген қазақстандық нормативтік базаның талаптарын сақтау үшін қажетті күтіліп отырған шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың ең озық бағалауын білдіреді. Аталған топтастырылған қаржылық есепті шығару датасына қайта культивациялау жөніндегі жоспардың ауқымы мен мерзімдері шығындардың жылдық есепке енгізілген бөлігін есептемегенде Үкіметпен ресми түрде келісілген жоқ. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар бағалаудан заңнама мен нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістердің, қоғамдық күтулердің аумақтық жағдайларды аңғарудың және талдаудың және тазалау технологияларындағы өзгерістердің салдарынан өзгереді болуы мүмкін.

Экологиялық оңалтуға жататын қосымша болжаусыздықтар 26-ескертуде көрсетілді. Экологиялық оңалтуға арналған міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 15-ескертуде көрсетілді.

## САЛЫҚ САЛУ

Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығына («КТС») қатысты да, артық пайдаға салыққа («АПС») да есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС мен АПС күтіліп

отырған ставкалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға байланған активтер мен міндеттемелердегі уақытша айырмашылықтарға есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС мен АПС базалары 22 Ескертуде ашып көрсетілген, салықтық кодексте қабылданған салықтық заңнаманың шарттары бойынша есептеледі. Салық салумен байланысты одан кейінгі болжаусыздықтар 26-ескертуде ашып көрсетілген.

## 5. ИЕЛІК ЕТУ ҮЛЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІС

2012 жылдың 16 қарашасында MOL Hungarian Oil and Gas Plc-тың еншілес ұйымы Karpinvest Oil and Gas Ltd. («Karpinvest») компаниясының KS EP Investments BV-дағы («KS EP Investments») бар 100%-дық үлестің 49%-ын сатуды аяқтады. KS EP Investments Карповский Северныйдың Батыс Қазақстандағы келісімшарттық аумақтарында мұнайды, газды және конденсатты барлауға арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын игеруші болып табылатын «Карповский Северный» ЖШС-дағы («КС ЖШС») 100%-дық үлесіне иелік етеді. Акционерлердің келісімінің шарттарына сәйкес KS EP Investments қызметіне бірлескен бақылау орнатылды және бір де бір акционердің Компанияның қызметін жалғыз бақылауға өкілеттігі жоқ, ал бұл оны екі акционер үшін бірлесіп бақыланатын кәсіпорын етеді.

Бақылауды жоғалту датасына KS EP Investments-тің таза активтері мынадай тұрғыда ұсынылып отыр:

## 2012 ЖЫЛДЫҢ 16 ҚАРАШАСЫНА АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Ақша қаражаты	1.884
Ақша қаражаты	100
Ұзақ мерзімді активтер	8.360
	<b>10.344</b>
Ағымдағы міндеттемелер	113
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	3.821
	<b>3.934</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>6.410</b>

Компания KS EP Investments-тің 49% үлесі үшін Karpinvest-тен алған сома 36.455.170 АҚШ долларын (5.485 миллион теңгені) құрады. Инвестициялар сатудан алынған қорық 4.784 миллион теңгені құрады. Осы мәміленің нәтижесінде Компания бақылауды жоғалтуына байланысты бұрыңғы еншілес ұйымының активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтатты және 5.709 миллион теңге әділ құны бойынша үлестік қатысу әдісімен KS EP Investments-тегі қалған 51% үлесті мойындады.

2012 жылғы 16 қарашадағы әділ құнды бөлудің негізінде Компанияның KS EP Investments-тің активтері мен міндеттемелеріндегі қалған үлесі мен 49% қатысу үлесінің тікелей шығу алдындағы және 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы тиісті ағымдағы құны мынадай тұрғыда беріліп отыр:

	2012 жылғы 16 қарашаға ағымдағы құны	2012 жылғы 16 қарашаға әділ құн	2012 жылғы 31 желтоқсанға активтер мен міндеттемелер
Ақша қаражаты	961	961	82
Ағымдағы активтер	51	51	373
Ұзақ мерзімді активтер	1 793	7 313	7 583
	<b>2 805</b>	<b>8 325</b>	<b>8 038</b>
Ағымдағы міндеттемелер	58	58	553
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	1 454	2 558	2 586
	<b>1 512</b>	<b>2 616</b>	<b>3 139</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>1 293</b>	<b>5 709</b>	<b>4 899</b>

СК ЖШС-мен операциялық қызмет ағымдағы міндеттемелерді орындау мен қызметті жалғастыру үшін қатысушылардан заем нысанында тұрақты қаржыландыруға тәуелді. Нәтижесінде, Компания KS EP Investments-ті 2012 жылы қосымша зем түрінде 11.828 мың АҚШ доллары (1.763

миллион теңге) сомаға қаржыландырды. Қатысушылардан заемның әділ құны ол бойынша 6,5%-ды құрайтын сыйақы ставкасы 15% мөлшеріндегі дисконттау ставкасын пайдалану арқылы заемдар бойынша келешектегі ақша ағымдарын дисконттау жолымен айқындалады.

## 6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

	Мұнайгаз активтері	Өзге де активтер	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Жиыны
<b>2011</b>				
2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық құны	255 031	31 437	11 041	297 509
Түсімдер	1 672	1 492	84 158	87 322
Активтердің шығып қалуы бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер	374	–	–	374
Шығып қалулар	(3 771)	(735)	(2 638)	(7 144)
Активтерден бағалау және барлау бойынша ауысу	1 407	–	–	1 407
Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауысулар	69 782	10 908	(80 690)	–
Ішкі ауысулар	39	(195)	156	–
Ескіру мен тозу бойынша аударымдар	(34 642)	(4 313)	–	(38 955)
Құнсыздандуды түзету / (Құнсыздану) (20 Ескерту)	47	(40)	(1 660)	(1 653)
<b>2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны</b>	<b>289 939</b>	<b>38 554</b>	<b>10 367</b>	<b>338 860</b>
Бастапқы құны	490 309	60 630	10 367	561 306
Жинақталған ескіру мен тозу	(200 370)	(22 076)	–	(222 446)
<b>Қалдық құны</b>	<b>289 939</b>	<b>38 554</b>	<b>10 367</b>	<b>338 860</b>
<b>2012</b>				
<b>2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық құны</b>	<b>289 939</b>	<b>38 554</b>	<b>10 367</b>	<b>338 860</b>
Түсімдер	1 383	2 694	113 310	117 387
Активтердің шығып қалуы бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер	(1 865)	–	–	(1 865)
Шығып қалулар	(3 541)	(1 001)	(2 137)	(6 679)
Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауысулар	79 008	13 496	(92 504)	–
Ішкі ауысулар	(562)	22	540	–
Ескіру мен тозу бойынша аударымдар	(40 580)	(4 591)	–	(45 171)
Құнсыздану (20 Ескерту)	(64 696)	(7 872)	(4 444)	(77 012)
<b>2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны</b>	<b>259 086</b>	<b>41 302</b>	<b>25 132</b>	<b>325 520</b>
<b>2012 жылғы 31 желтоқсанға</b>				
Бастапқы құны	493 981	66 860	25 132	585 973
Жинақталған ескіру мен тозу	(234 895)	(25 558)	–	(260 453)
<b>Қалдық құны</b>	<b>259 086</b>	<b>41 302</b>	<b>25 132</b>	<b>325 520</b>

## 7. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

	Барлау және бағалау жөніндегі активтер	Өзге де материалдық емес активтер	Жиыны
<b>2011</b>			
<b>2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық құны</b>	<b>12 755</b>	<b>2 430</b>	<b>15 185</b>
Барлауға арналған лицензияларды алу	15 794	–	15 794
Түсімдер	6 246	1 074	7 320
Өнімсіз ұңғымаларды есептен шығару	(2 586)	–	(2 586)
Ауысулар	(1 407)	–	(1 407)
Шығып қалулар	(339)	(4)	(343)
Амортизациялық аударымдар	(5 667)	(872)	(6 539)
Құнсызданулар	(761)	(25)	(786)
<b>2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны</b>	<b>24 035</b>	<b>2 603</b>	<b>26 638</b>
<b>2011 жылғы 31 желтоқсанға</b>			
Бастапқы құны	39 500	6 072	45 572
Жинақталған амортизация	(15 465)	(3 469)	(18 934)
<b>Қалдық құны</b>	<b>24 035</b>	<b>2 603</b>	<b>26 638</b>

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

## 2012

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық құны	24 035	2 603	26 638
Түсімдер	12 143	2 137	14 280
Өнімсіз ұңғымаларды есептен шығару	(4 321)	–	(4 321)
Еншілес ұйымды бақылауды жоғалту (5 Ескерту)	(8 190)	–	(8 190)
Шығып қалулар	(210)	(37)	(247)
Амортизациялық аударымдар	(7 668)	(908)	(8 576)
<b>2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны</b>	<b>15 789</b>	<b>3 795</b>	<b>19 584</b>

## 2012 жылғы 31 желтоқсанға

Бастапқы құны	40 292	8 170	48 462
Жинақталған амортизация	(24 503)	(4 375)	(28 878)
<b>Қалдық құны</b>	<b>15 789</b>	<b>3 795</b>	<b>19 584</b>

2012 жылы Компания Жарқамыс, НБК және Бодрай блокта-рында бұрғыланған барлау ұңғымаларына қатысты өнімсіз ұңғымалар бойынша шығысты таныды.

## 8. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

	2012	2011
Өтеуге дейін ұстап қалынатын, теңгемен көрсетілген ұзақ мерзімдік салымдар	1 083	989
ҚМГ ҰК-ның борыштық құралдарына инвестициялар (3, 23 Ескертулер)	–	187 810
Басқалары	2	4
<b>Жиыны ұзақ мерзімдік қаржылық активтер</b>	<b>1 085</b>	<b>188 803</b>
АҚШ долларымен көрсетілген жедел салымдар	333 218	169 806
ҚМГ ҰК-ның борыштық құралдарына инвестициялар (3, 23 Ескертулер)	134 360	219
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтер	42 596	109 542
Теңгемен көрсетілген жедел салымдар	40 382	36 116
Британдық фунт стерлингерде көрсетілген жедел салымдар	–	6 207
<b>Жиыны ұзақ мерзімдік қаржылық активтер</b>	<b>550 556</b>	<b>321 890</b>
	<b>551 641</b>	<b>510 693</b>

2012 жылы мерзімді салымдар бойынша сыйақының орташа есеппендегі ставкасы АҚШ долларында 2,4% (2011 жылы: 3,6%). 2012 жылы мерзімді салымдар бойынша сыйақының орташа есеппендегі ставкасы теңгемен 1,4% (2011 жылы: 1,4%).

### ҚМГ ҰК БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2010 жылы 16 шілдеде Компания 221.543 миллион теңге (1.499.649 мың АҚШ доллары) сомасына ҚМГ ҰК шығарған Қазақстандық Қор Биржасындағы («ҚҚБ») субординацияланбаған, купондық, индекстелген, қамтамасыз етілмеген облигацияларды сатып алды. Шығару датасына АҚШ доллары/теңге бағамы бойынша индекстелген борыштық құралдың купондық сыйақысы бойынша ставка жарты жылда бір рет төленеді және 7%-ға тең. Борыштық құрал 2013 жылдың маусымында өтеуге жатады. 2012 жылдың 31 желтоқсанына борыштық құралдар бойынша өтелмеген сома мен тиісінше есептелген сыйақы тиісінше 134.204 миллион теңге мен 156 миллион теңгені (2011 жылы: тиісінше 187.810 миллион теңге мен 219 миллион теңгені) құрайды.

Борыштық құрал мынадай негізгі ережелерді қамтиды:

- I. Төлеудің белгіленген шарттары белгіленгенге дейін ҚМГ ҰК міндетті түрде борыштық құралды өтеудің есебіне есепке алу үшін Компаниядан алынған алдағы кезеңдердің дивидендтерін пайдаланады (3 Ескерту).
- II. Егер борыштық құралдың айналымы мерзімі ішінде Компания ҚМГ ҰК-дан сатып алған активтердің жалпы сомасы 800 миллион АҚШ доллары деңгейінен асып кетсе, Компания сатып алуды борыштық құралды шығару датасына АҚШ доллары/теңге бағамына қайта индекстелген жинақталған купондық сыйақыны есептей отырып, бастапқы құны бойынша деңгейден аспайтын сомаға борыштық құралдың бір бөлігін ҚМГ ҰК-ға аудару немесе сату жолымен сатып алуды қаржыландыру мүмкіндігін алады.
- III. Егер борыштық құралдың айналымы мерзімі аяқталғанда ҚМГ ҰК борыштық қалдығын ақшамен өтемесе, Компания акционерлерге борыштық құралдың қалдық сомасына қарсы есепке алу үшін жеткілікті мөлшерде Арнайы Дивиденд төлеуі мүмкін.
- IV. Қажет болған жағдайда, Компания банкілерге орналастырылған Компанияның ақша қаражатын басқару са-

ясатына сәйкес келетін, миноритарлық акционерлерге Арнайы Дивидендтің бір бөлігін төлеу үшін жеткілікті мөлшердегі ақша қаражатының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады. Егер сенімді банктерде сақтаулы ақша қаражаттарының

деңгейі жеткіліксіз болған жағдайда тәуелсіз директорларға бюджеттік сомадан асатын шығындарды бақылауға мүмкіндік беретін арнаулы процедуралар енгізілді және іске кірістірілді.

## САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2012	2011
Саудалық дебиторлық берешек	100 698	83 587
Басқалары	980	923
Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв	(510)	(384)
	<b>101 168</b>	<b>84 126</b>

2012 жылдың екінші тоқсанында Компания Бас компанияның еншілес ұйымы Vector Energy AG.-мен («Vector») шикі мұнайды сатуға шарт жасасты. Бұрын шикі мұнайды экспортқа Бас компанияның басқа еншілес ұйымы «ҚазМұнай-Газ – Өңдеу жәнеМаркетинг» («ҚМГ ӨМ») сатты. 2012 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның саудалық дебиторлық берешегі өзіне 96.401 миллион теңге (2011 жылғы 31 желтоқсанда: нөл) сомаға шикі мұнайды сатқаны үшін Vector-дың берешегі мен 2.957 миллион теңге (2011 жылғы 31 желтоқсанда: 81.686 миллион теңге) сомаға сатылған шикі мұнай үшін ҚМГ ӨМ берешегін қамтыды. Vector-дың берешегі сомасы уақытында төленбеген 32.657 миллион теңге сомаға берешекті (2011 жылғы 31 желтоқсанда: ҚМГ ӨМ-ден 25.701 миллион теңге сомаға берешек уақытылы төленген жоқ) қамтиды.

Vector сатылған шикі мұнай үшін тиеуден кейінгі 60-шы күні төлеу жүргізеді. Уақытылы төлемеген жағдайда Vector кешіктіру мерзімі мен кешіктірілген сомаға қарай бір айлық Либор плюс 2%-дан алты айлық Либор плюс 3%-ға дейінгі мөлшерде өсімақы төлейді.

2012 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларында көрсетілген саудалық және басқа да дебиторлық берешек дебиорлық берешектің жалпы сомасынан 95%-ды көрсетті (2011 жылы: 93%). Қалған дебиторлық берешек теңгемен көрсетілген. Саудалық дебиторлық берешектің негізінен алғанда 30 күнге дейінгі өтеу мерзімі бар.

31 желтоқсан өтеу мерзімі бойынша саудалық және басқа да дебиторлық берешектерді талдау мынадай тұрғыда беріліп отыр:

	2012	2011
Ағымдағы бөлігі	68 409	51 074
0-ден 30 күнге дейін кешіктіру	9 637	18 494
30-дан 60 күнге дейін кешіктіру	21 555	14 539
90-нан 120 күнге дейін кешіктіру	1 507	–
120 күннен астам кешіктіру	60	19
	<b>101 168</b>	<b>84 126</b>

## АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2012	2011
Банктердегі теңгемен көрсетілген мерзімдік салымдар	38 813	28 112
Банктердегі АҚШ долларымен көрсетілген мерзімдік салымдар	30 681	157 092
Банктердегі евромен көрсетілген мерзімдік салымдар	75	389
Банктердегі АҚШ долларымен көрсетілген қаражат пен кассадағы қолма-қол ақша	51 951	2 916
Банктердегі теңгемен көрсетілген қаражат пен кассадағы қолма-қол ақша	29 519	17 564
Банктердегі британдық фунт стерлингпен көрсетілген қаражат пен кассадағы қолма-қол ақша	3 666	439
	<b>154 705</b>	<b>206 512</b>

Банктердегі ақша қаражаттары бойынша депозиттар бойынша күн сайынғы банктік ставкаларға байланысты сыйақы ставкасы белгіленді. Банктік депозиттер Компанияның өтімді активтерге деген қажеттілігіне қарай түрлі мерзімдерге (бір күннен үш айға дейінгі) орналастырылады.

2012 жылы сыйақының орташа алғандағы ставкасы теңгемен 1,3%-ды (2011 жылы: 0,5%) құрады. 2012 жылы сыйақының орташа алғандағы ставкасы АҚШ долларында 0,4%-ды (2011 жылы: 0,3%) құрады.

## 9. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫННАН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	Қатысу үлесі	2012	2011
«Қазгермұнай» БК ЖШС-дағы үлесі («Қазгермұнай»)	50 %	65 287	98 823
Ural Group Limited BVI БК-дағы («UGL») үлесі	50 %	19 066	17 703
KS EP Investments БК-дағы (5 Ескерту) үлесі	51 %	4 899	–
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық берешек		18 221	19 499
		<b>107 473</b>	<b>136 025</b>

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

## ҚАЗГЕРМҰНАЙ

31 желтоқсанға Компанияның Қазгермұнайға активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі мынадай тұрғыда беріліп отыр:

	2012	2011
Ақша қаражаты	11 079	23,710
Ағымдағы активтер	20 011	15 055
Ұзақ мерзімді активтер	102 029	114 126
	<b>133 119</b>	<b>152 891</b>
Ағымдағы міндеттемелер	37 936	26 539
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	29 896	27 529
	<b>67 832</b>	<b>54 068</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>65 287</b>	<b>98 823</b>

Қазгермұнайдың Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне енгізілген қаржылық нәтижелерінің үлесі мынадай тұрғыда беріліп отыр:

	2012	2011
Кіріс	172 238	172 591
Операциялық қызметтен болған шығыстар	(100 856)	(109 927)
Операциялық қызметтен болған пайда	71 382	62 664
Қаржылық шығыстар, нетто	(165)	(511)
Салық салуға дейінгі пайда	71 217	62 153
Табыс салығы жөніндегі шығыстар	(37 883)	(23 781)
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>	<b>33 334</b>	<b>38 372</b>
<b>Басқа да жиынтық кірісте қабылданған жағымды бағамдық айырмашылық</b>	<b>300</b>	<b>340</b>

2012 жылғы пайда лицензиялардың әділ құнына амортизациялардың әсері мен 8.131 миллион теңге (2011 жылы: 7.730 миллион теңге) мөлшеріндегі кейінге қалдырылған салық бойынша тиісті үнемдеуді есептеместен беріліп отыр.

2012 жыл ішінде Компания Қазгермұнайдан 67.170 миллион теңге (2011 жылы: 36.627 миллион теңге) сомасында дивидендтер алды.

## UGL-ГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2011 жылы 15 сәуірде Компания Exploration Venture Limited-тен (EVL) UGL-дың қарапайым акцияларының 50%-дық үлесін сатып алды. UGL Батыс-Қазақстан облысындағы Федоров блогында көмірсутектерін барлауды жүргізуге арналған құқыққа ие «Ural Oil and Gas»-дағы (UOG) 100%-дық қатысу үлесінің меншік иесі болып табылады.

31 желтоқсанға Компанияның UGL-ның активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі төменде беріліп отыр:

	2012	2011
Ақша қаражаты	739	31
Ағымдағы активтер	26	9
Ұзақ мерзімді активтер	36 631	31 240
	<b>37 396</b>	<b>31 280</b>
Ағымдағы міндеттемелер	1 820	220
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	16 510	13 357
	18 330	13 577
<b>Таза активтер</b>	<b>19 066</b>	<b>17 703</b>

UGL-дың операциялық қызметі ағымдағы міндеттемелерді орындау және өзінің қызметін жалғастыру үшін қатысушылардың заем нысанында тұрақты қаржыландырылуына тәуелді. Нәтижесінде, Компания 2012 жылы UGL-ды 22.250 мың АҚШ доллары (3.318 миллион теңге) сомасына қосымша заем түрінде қаржыландырды. Акционерлердің пайызсыз негізде берілген бастапқы және қосымша заемдарының әділ құны дисконттаудың 15%-дық ставкасын пайдалана отырып, заемдар бойынша болашақтағы ақша ағымдарын дисконттау жолымен айқындалады.

**БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫН «CITIC CANADA ENERGY LIMITED»-ТЕН («CCEL») ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК** 2007 жылы Компания State Alliance Holdings Limited-тен (Гонконгтың қор биржасында тіркелген компания CITIC Group-қа тиесілі холдингтік компания) одан алынған қаражат Батыс Қазақстанда мұнай мен табиғи газ өндіруге инвестицияланған бірлесіп бақыланатын CCEL-дегі 50%-дық үлесті сатып алды.

CCEL өзінде бар бөлінетін капиталдың негізінде жыл сайын дивидендтер жариялауға міндетті. Сонымен бір уақытта Компания өзіне кепілдендірілген төлемді 2012 жылдың

31 желтоқсанына 572,3 миллион АҚШ долларын (86.273 миллион теңгені) құраған (2011 жылы: 627,3 миллион АҚШ доллары немесе 93.084 миллион теңге) ең жоғары сомаға дейінгі мөлшерде арттырылған, CCEL-ден алынған кез келген дивидендті СІТІС-ке төлеуге міндеттеме қабылдады. Барынша жоғары сома СІТІС плюс есептелген сыйақы арқылы қаржыландырылған сатып алудың бастапқы құнындағы Компания үлесінің қалдығын білдіреді. Компанияның ол CCEL-ден осыған баламды соманы алмайынша СІТІС-тің сомасын төлеуге міндеттемесі жоқ. Тиісінше, Компания қаржылық жағдай туралы өзінің есебінде CCEL-ден тек 2020 жылға дейін жыл сайынғы негізде кепілдендірілген төлем мөлшерінде дивидендтер, плюс барынша кепілдендірілген соманы арттыру үшін кез келген дивидендтерді ұстап қалуға арналған құқыққа арналған құқықты ғана мойындайды. Бұл дебиторлық берешектің баланстық құны 2012 жылдың 31 желтоқсанына 119,7 миллион АҚШ долларын (18.039 миллион теңгені) (2011 жылы: 129,2 миллион АҚШ доллары немесе 19.170 миллион теңге) құрады.

Оның үстіне, Компанияның сатып алу туралы шартта көрсетілген белгілі бір жағдайларда өзінің сатуға арналған опционын сатуға және СІТІС-ке инвестицияларды қайтаруға және алынған кепілдікті төлемдердің жиынтық сомасын шегеріп тастағанда 150 миллион АҚШ долларын плюс жылдық 8%-дық ставкада бойынша сыйақы алуға құқы бар.

2008 жылы 17 қарашада әр жылдың 12 маусымы мен 12 желтоқсанына кешіктірілмей бірдей екі төлеммен төленетін кепілдікті төлем 26,2 миллион АҚШ долларынан 26,9 миллион АҚШ долларына дейін арттырылды. Бұл келісім жасалғаннан кейін CCEL-ден дебиторлық берешек бойынша сыйақының тиімді ставкасы жылына 15%-ды құрайды.

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы активтер мен міндеттемелердегі Компанияның үлесі мынадай тұрғыда беріліп отыр:

	2012	2011
Ағымдағы активтер	26 616	25 967
Ұзақ мерзімді активтер	104 773	112 997
	<b>131 389</b>	<b>138 964</b>
Ағымдағы міндеттемелер	40 191	42 149
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	91 198	96 815
	<b>131 389</b>	<b>138 964</b>
<b>Таза активтер</b>	-	-

Таза активтер CCEL барлық кірісті өзінің қатысушыларына бөлуге міндетті болғандықтан, және тиісінше бүкіл бөлінетін кірісті міндеттеме ретінде жіктейтіндіктен нөлге тең.

## 10. АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

	Қатысу үлесі	2012	2011
«Петроказакстан Инк.»-тегі үлесі («ПҚИ»)	33 %	118 959	133 228

Компанияның 31 желтоқсанға ПҚИ-дың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі мынадай етіп көрсетілген:

	2012	2011
Ақша қаражаты	10 886	14 475
Ағымдағы активтер	27 463	21 715
Ұзақ мерзімді активтер	138 928	155 335
	<b>177 277</b>	<b>191 525</b>
Ағымдағы міндеттемелер	23 582	39 232
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	34 736	19 065
	<b>58 318</b>	<b>58 297</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>118 959</b>	<b>133 228</b>

Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне енгізілген ассоциаланған компанияның қаржылық нәтижелері мынадай етіп көрсетілген:

	2012	2011
Кіріс	127 485	171 662
Операциялық қызметтен болған шығыстар	(74 511)	(110 173)
Операциялық қызметтен болған пайда	52 974	61 489
Қаржылық шығыстар, нетто	(859)	(672)
Салық салуға дейінгі пайда	52 115	60 817
Табыс салығы жөніндегі шығыстар	(18 391)	(15 142)
<b>Кезең ішіндегі таза пайда</b>	<b>33 724</b>	<b>45 675</b>
<b>Басқа да жиынтық кірісте қабылданған жағымды бағамдық айырмашылық</b>	<b>1 807</b>	<b>1 556</b>

2012 жылғы пайда амортизацияның лицензияның әділ құнына әсері шегеріліп 10.143 миллион теңге (2011 жылы: 11.620 миллион теңге) сомасында көлтірілген.

2012 жыл ішінде Компания ПҚИ-ден 49.800 миллион теңге (2011 жылы: 53.168 миллион теңге) сомасында дивидендтер алды.

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

## 11. ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

	2012	2011
Шикі мұнай	14 801	13 817
Материалдар	10 257	8 834
	<b>25 058</b>	<b>22 651</b>

2012 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның 361.521 тонна (2011 жылы: 414.180 тонна) шикі мұнайы резервуарлар мен транзитте болды.

## 12. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

	Шығарылған акциялар	
	Акциялардың саны	Миллион теңге
<b>2011 жылдың 1 қаңтарына</b>	<b>71 219 565</b>	<b>214 082</b>
Акцияларға опциондарды орындаудың нәтижесінде сатып алынған өз акцияларын азайту	12 302	133
Сатып алудың нәтижесінде сатып алынған өз акцияларын көбейту	(938 479)	(15 763)
<b>2011 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>70 293 388</b>	<b>198 452</b>
Акцияларға опциондарды орындаудың нәтижесінде сатып алынған өз акцияларын азайту	70 127	703
Сатып алудың нәтижесінде сатып алынған өз акцияларын көбейту	(2 205 813)	(36 203)
<b>2012 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>68 157 702</b>	<b>162 952</b>

### 12.1 Жарғылық капитал

#### ШЫҒАРУҒА ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАР

Шығаруға жарияланған акциялардың жалпы саны 74.357.042 (2011 жылы: 74.357.042) құрайды. 2012 жылдың 31 желтоқсанына жағдай бойынша 43.087.006 (2011 жылы: 43.087.006) шығаруға жарияланған акциялар Бас компанияға тиесілі. Компания акцияларының номиналдық құны жоқ

#### ДИВИДЕНДТЕР

Қазақстандық заңнамаға сәйкес, егер Компанияның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есебінің стандарттарына сәйкес дайындалған қаржылық есебінде жағымсыз капиталы болған немесе дивидендтерді төлеу нормативтік қаржылық есепте жағымсыз капиталға екеп соқтыратын жағдайда дивидендтер жарияланбайды. 2012 жылы акционерлерге төлем ретінде танылған, акцияларға арналған дивидендтердің жалпы сомасы 2012 жылдың 11 маусымындағы тізілімді белгілеу датасына акция үшін қарапайым акциялар бойынша да басымдықты акциялар бойынша да 1.300 теңгені (2011 жылы: акция үшін 800 теңге) құрады.

### 12.2 Қызметкерлерге арналған опциондық бағдарлама

Жыл ішінде қызметкерлерден алынған қызмет көрсетулермен байланысты Компанияның қызметкерлеріне жеңілдікті баға бойынша акциялар беру жоспары бойынша танылған шығын 354 миллион теңгені (2011 жылы: 408 миллион теңгені) құрайды.

#### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ОПЦИОНДЫҚ БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР

1 опциондық бағдарлама жоспарына («EOP 1») сәйкес басшы қызметкерлерге беру сәтіне ауқымды депозитарлық қолхаттың (АДҚ) рыноктық құнына тең орындау бағасымен АДҚ бойынша опциондар берілді. Опциондардың орындалуы қызметті жүзеге асыру жағдайына тәуелді емес және үш жыл ішінде жыл сайын ұсынылған опционның 1/3 бөлігіне құқық береді және құқық берілген датадан бастап бес жыл бойы орындалуы мүмкін.

2 опциондық бағдарлама жоспарына («EOP 2») акцияларға арналған опциондар тәуелсіз директорларды қоспағанда Компанияның негізгі қызметкерлерін, жоғары басшылығын және Директорлар кеңесінің мүшелерін ынталандыру мен көтермелеу үшін беріледі. Опциондарды орындау бағасы беру датасына АДҚ-ның нарықтық құнына тең. Аталған опциондарды орындау қызметті жүзеге асыру жағдайына қол жеткізуге тәуелді емес. 2007 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша немесе бұл датадан кейін берілген опциондар беру датасының үшінші жылдығына арналған құқық береді және құқық берілген датадан бастап бесінші жылдыққа дейінгі мерзімге орындауға жатады.

#### ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

